ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 05 шілде №7119-24-00-2/7940 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Ғабит» атынан Гумаров Джамбул Катесович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер Жеке кәсіпкер «Ғабит» атынан Гумаров Джамбул Катесовичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ғабит» атынан Гумаров Джамбул Катесович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ғабит» атынан Гумаров Джамбул Катесовичтен мемлекет кірісіне 167 346 (бір жүз алпыс жеті мың үш жүз қырық алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 6 866 (алты мың сегіз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 05.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.09.2024
7119-24-3-1/7317

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 05.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.09.2024

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство